КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылы 31 мамыр №4712-24-00-2/1526 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.А.Борашева,
сот отырысының хатшысы Г.Е.Матжанованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Мира» басшысы Ходжаева Мира Хабидуллаевна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі - М.У.Умирбеков
жауапкердің өкілі - О.А.Салимов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылы 4 желтоқсанда тараптар арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №030240000329/231760/00 шарт (әрі қарай-Шарт) жасалған. Шарттың №1 қосымшасына сәйкес, жауапкер сөндіргіш, астар, арнайыланған шарғыт, қоректеуді беру блогының платасы және тағы басқа тауарларды қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 16 күнтізбелік күн ішінде жеткізуі тиіс.

Шарттың жалпы құны 4 755 446 теңгені құраған.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Талап қоюшы сотқа жүгініп, жауапкер Шарт бойынша міндеттемесін толық орындамағанын, яғни қажетті негізгі үш тауар- қоректеуді беру блогының платасы- жылжымалы құрамның байланыс жүйесіне арналған, батырмалы бекет - жолаушылар лифтіне арналған, бұйрықты, соңғы сөндіргіш-телескоптық трап жеткізілмегенін көрсетіп, соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған.

Талап қоюшының өкілі сот отырысында талап қоюды қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілі сот отырысында талап қоюмен келіспей, Шарт бойынша өзі міндеттемесін 90 % орындағанын, жеткізілмеген үш тауарды өндіруші қазір шығармайды,яғни өндірістен шығарған, осыған орай оларды жеткізу мүмкіндігі болмағанын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (әрі қарай - АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, осы Кодекстің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда – іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай- Заң) 12 бабының 4–тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізімін білдіреді.

Сот отырысында анықталғаны, Шарттың 8.1. тармағына сәйкес 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданылады делінген.

Шартқа сәйкес талап қоюшы қажеттілік туралы өтінімді 4 желтоқсан 2023 жылы жіберіген, яғни жауапкер өз міндеттемелерін 2023 жылдың 20 желтоқсанына дейін орындау тиіс болған.

Алайда, жауапкер тауарларды толық жеткізбеген.

Сонымен қатар, жауапкермен жеткізілмеген тауарлар- қоректеуді беру блогының платасы- жылжымалы құрамның байланыс жүйесіне арналған, батырмалы бекет - жолаушылар лифтіне арналған, бұйрықты, соңғы сөндіргіш-телескоптық трап талап қоюшыға өте маңызды екенін сот ескереді.

Бұл мән-жайды жауапкердің өкілі жоққа шығарған жоқ.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сәйкес тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы

Документ подписан: Борашева А. А., 10.06.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы сотқа жүгіну мерзімін өткізбеген.

АК-нің 359-бабының 2-тармағына сәйкес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған кезде міндеттемені орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған адам, егер бой бермейтін күштің, яғни осы жағдайлар кезіндегі төтенше және тойтаруға болмайтын мән-жайлардың (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары, төтенше жағдай және т.б.) салдарынан тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмағандығын дәлелдей алмаса, мүліктік жауаптылықты көтереді. Ондай мән-жайларға, атап айтқанда, міндеттемені орындау үшін қажетті тауарлардың, жұмыстардың немесе қызмет көрсетудің рынокта болмауы жатпайды.

Осы Заң нормаларына сай жауапкер тек төтенше жағдайлар кезіндегі және тойтаруға болмайтын мән-жайлар кезінде жауаптылықтан босатылады.Осыған орай, жауапкердің жеткізілмеген тауарларды өндіруші қазір таңда шығармайды деген уәждері негізсіз.

Сондай-ақ жауапкер осы тауарларды басқа өндірушілірден алдыруға әрекет жасамаған.

Істің бұндай тұрғысында сот, жауапкердің Шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындамаған үшін оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануға негіз барын, яғни талап қоюшының талап қоюы қанағаттандырылуға жатады деп табады.

Сонымен қатар АПК-нің 117-бабының 1-тармағына сай, жауапкерден мемлекет пайдасына 1 846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің223-226-баптарын басшылыққа ала отырып,сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жауапкер жеке кәсіпкер «Мира» басшысы Ходжаева Мира Хабидуллаевна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану туралы талап қоюы– қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Мира» басшысы Ходжаева Мира Хабидуллаевнаны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Мира» басшысы Ходжаева Мира Хабидуллаевнадан мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты – шешім түпкілікті

Документ подписан: Борашева А. А., 10.06.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403,404-баптарын сақтай отырып, Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына беруі мүмкін.

Судья А.А.Борашева

Документ подписан: Борашева А. А., 10.06.2024

4712-24-3-6/160

№4799-24-00-2а/700 Судья:А.А.Борашева

Қ А У Л Ы

2024 жыл 3 қыркүйек Ақтау қаласы

Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы құрамында: төрағалық етуші –алқа төрағасы Г.К.Бакытжанова,

алқа судьялары: А.А.Молбаева, А.Н.Ахметова,

хатшылықта Ф.Қазбекқызы болып,

талап қоюшы өкілі М.У.Умирбековтың,

жауапкер өкілі О.А.Салимовтың қатысуларымен,

Маңғыстау облыстық сотының сот ғимаратында, дыбыс-бейне жазба құралын пайдаланумен өткен ашық сот отырысында,

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2024 жылғы 31 мамырдағы шешіміне жауапкер өкілі О.А.Салимовтың апелляциялық шағымымен келіп түскен, электронды іс,

талап қоюшы «Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жауапкер жеке кәсіпкер «Мира» басшысы Ходжаева Мира Хабидуллаевнаны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы азаматтық істі қарап,

АНЫҚТАҒАНЫ:

2023 жылы 4 желтоқсанда тараптар арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №030240000329/231760/00 шарт (әрі қарай-Шарт) жасалған.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес, жауапкер сөндіргіш, астар, арнайыланған шарғыт, қоректеуді беру блогының платасы және тағы басқа тауарларды тапсырыс берушінің қажеттілігі жөніндегі тапсырыс берген кезден бастап 16 күнтізбелік күн ішінде жеткізуі тиіс.

Шарттың жалпы құны 4 755 446 теңгені құраған.

Талап қоюшы жауапкер шарт бойынша міндеттемесін толық орындамағанын, яғни қажетті негізгі үш тауар- қоректеуді беру блогының платасы- жылжымалы құрамның байланыс жүйесіне арналған, батырмалы бекет-жолаушылар лифтіне арналған, бұйрықты, соңғы сөндіргіш- телескоптық трап жеткізілмегенін көрсетіп, соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған.

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2024 жылғы 31 мамырдағы шешімімен талап қоюшының талабы қанағаттандырылған.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Мира» басшысы Ходжаева Мира Хабидуллаевна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылған.

Жауапкер өкілі сот шешімімен келіспей, шартпен көзделген жауапкер жеткізуге тиіс лифтінің қосалқы бөлшектері зауыт өндірісінен алынып тасталғанын, осыған орай ол тауарларды жеткізу мүмкіндігі болмағанын көрсетіп, сот шешімінің күшін жойып, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұраған.

Құжатқа қол қойылған: Бақытжанова Г. К., 09.09.2024
Құжатқа қол қойылған: Молбаева А. А., 09.09.2024
Құжатқа қол қойылған: Ахметова А. Н., 09.09.2024

Алқа, жауапкер өкілінің апелляциялық шағымды қолдаған, талап қоюшы өкілінің сот шешімін өзгеріссіз, шағымды қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған пікірлерін тыңдап, іс құжаттары мен апелляциялық шағымның уәждерін зерделеп, істегі дәлелдемелерді зерттеп, алқа төмендегідей тұжырымға келеді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай – АПК) 427-бабының 1 бөлігінде апелляциялық тәртіппен сот шешімінің күшін жоюға немесе оны өзгертуге негіз болып табылатын мән-жайлар көзделген.

Апелляциялық сот алқасының пікірінше, бірінші сатыдағы сотпен мұндай кемшіліктерге жол берілмеген.

Шағым келтіріліп отырған сот актісінен көрініп тұрғандай, сотпен іс үшін маңызы бар мән-жайлар ауқымы дұрыс айқындалып, анықталған.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 386-бабының талабына сай (әрі қарай – АК) шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Осы кодекстің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай – Заң) 12-бабының 4-тармағына сәйкес тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Іс құжаттарынан көрінгендей шарттың талабы бойынша жауапкер талап қоюшы қажеттілік туралы өтінімді 4 желтоқсан 2023 жылы жіберген уақыттан өз міндеттемелерін 2023 жылдың 20 желтоқсанына дейін орындауы тиіс болған.

Жауапкермен мемлекеттік сатып алу шартының тиісінше орындалмағаны істі негізінен қарау барысында бірінші саты сотымен анықталған. Тараптар арасында мемелекеттік сатып алу шартының орындалғанын растайтын қол қойылған акт жоқ.

Апелляциялық шағымында және бірінші саты соты отырысында жауапкер өкілі шарт бойынша жеткізілуге тиіс қоректеуді беру блогының платасы-жылжымалы құрамның байланыс жүйесіне арналған, батырмалы бекет - жолаушылар лифтіне арналған, бұйрықты, соңғы сөндіргіш- телескоптық трап тауарларын зауыт өндірісінен алынып тасталғанын, осыған орай тауарларды жеткізу мүмкіндігі болмағанын, ол туралы ТД «ЛифтТрансСклад+» мекемесінің жауап хаты бар екенін көрсетті. Яғни, жауапкер тарапы тауарларды толық жеткізбеген, бұл мән-жайды жауапкер өкілі жоққа шығармайды.

Жауапкер өкілінің апелляциялық шағымында көрсеткен уәждері жауапкерді шарт міндеттемелерін орындаудан босатпайды, сот шешімінің заңсыздығын білдірмейді.

Құжатқа қол қойылған: Бакытжанова Г. К., 09.09.2024

АПК-нің 72-бабында әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиістігі көзделген.

Істің мұндай тұрғысында, алқа, бірінші саты сотының тұжырымдарымен келіседі, сот тұжырымы жоғарыда көрсетілген заң талабына, шарт талабына және сотпен зерттелген іс құжаттарындағы дәлелдемелерге негізделген.

Алқа, сот шешімінің күшін жоюға, не өзгертуге АПК-нің 427-бабында ескерілген негіздер жоқ болуына орай, сот шешімін өзгеріссіз, апелляциялық шағымды қанағаттандырусыз қалдырады.

Қазақстан Республикасының АПК-нің 424-бабының 1-бөлігінің 1)-тармақшасы мен 426- бабын басшылыққа алып, сот алқасы

ҚАУЛЫ ЕТТІ :

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2024 жылғы 31 мамырдағы шешімі өзгеріссіз, апелляциялық шағым қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Қаулы жария етілген кезден бастап заңды күшіне енеді.

Тараптар және іске қатысушы басқа да тұлғалар қаулымен келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 435,436 баптарының талаптарына сай, қаулы заңды күшіне енген күннен бастап, алты ай мерзімде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотына кассациялық тәртіпте шағым, наразылық беруге құқылы.

Төрағалық етуші Г.К.Бакытжанова

Алқа судьялары А.А.Молбаева

А.Н.Ахметова

Құжатқа қол қойылған: Молбаева А. А., 09.09.2024

Құжатқа қол қойылған: Ахметова А. Н., 09.09.2024

Құжатқа қол қойылған: Бақытжанова Г. К., 09.09.2024
Құжатқа қол қойылған: Молбаева А. А., 09.09.2024
Құжатқа қол қойылған: Ахметова А. Н., 09.09.2024
4799-24-3-2/706

Құжатқа қол қойылған: Бақытжанова Г. К., 09.09.2024
Құжатқа қол қойылған: Молбаева А. А., 09.09.2024
Құжатқа қол қойылған: Ахметова А. Н., 09.09.2024

ЖАДНАМА

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотына кассациялық тәртіпте өтінішхат жіберу кезінде

ТЕКСЕРУІҢІЗ қажет:

I. Өтінішхаттың АПК-нің 434-бабының 2-бөлігінің талаптарына сәйкестігін (кассациялық тәртіппен қайта қаралуға жатпайтын сот актілерінің тізімі);

II. Өтінішхаттың АПК-нің 441-бабының талаптарына сәйкестігін (өтінішхаттың мазмұны). Тапсырма бойынша өкілдік ету АПК-нің 61-бабына сай ресімделеді.

Өтінішхатқа сенімхат, адвокат куәлігі және қорғау (өкілдік ету) туралы жазбаша хабарлама, заң консультанттары палатасына мүшелікті растайтын құжатты міндетті түрде тіркеу қажет.

III. Соттардағы мемлекеттік баж төлеу Салық кодексінің 610-бабына сәйкес жүргізіледі. Соттарда мемлекеттік баж төлеуден босату Салық кодексінің 616-бабында көрсетілген. Талап қою бағасы АПК-нің 104-бабының талаптарына сай анықталады («Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 7 шілдедегі № 6 Нормативтік қаулысының 3-тармағы);

IV. Мемлекеттік баж төлеу үшін төлем деректемелері.

Бенефициар: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Астана қаласы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің Есіл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі

БСН: 081240013779

ЖСК: KZ24070105KSN0000000

Бенефициар банкі: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» ММ

БСК: KKMFKZ2A

Салық органының коды: 6205

БКК 108126

ТТК 911